

*Современные тенденции в архитектуре новых жилых комплексов  
Казахстана (на примере г. Астана)  
Қазақстан сәулетіндегі жаңа тұрғын үй кешендерінің қазіргі заман  
тенденциялары (Астана қ-ның мысалында)  
Modern tendencies of Architecture of new housing estates of Kazakhstan (on  
example of Astana)*

Мақалада Қазақстанның жаңа тұрғын кешенінің сәулеттік актуалды мәселелері қарастырылған. Мысалы 20 аяғы 21 ғғ. басында салынған жаңа тұрғын үй ғимараттары, соңғы шығармашылық ізденістен және сәулеттік тәжірибе эксперименттерінен талданған. Оның стильдік құрылуы соңғы тенденцияда анықталған

В статье рассматриваются актуальные проблемы формирования современных тенденций новых жилых комплексов Казахстана. На примере новых жилых зданий, построенных в период с конца 20 начало 21 вв. проанализированы последние творческие искания и эксперименты архитектурной практики. Выявлены последние тенденции их стилового формообразования.

The actual problems of formation modern tendencies of architecture of new housing estates are considered in this article. The last creative researches and experiments of architectural practice are analyzed by example of new residential buildings which were constructed during the period from the end of the 20 century to the beginning of the 21 century. The last tendencies of their form formation are revealed.

20ғ. аяғында 21 басындағы Астананың тұрғын үй ғимараттар дамуындағы айқын көріністер байқалған, жаңа кезең және олардың дамуы туралы айтуға мәжбір болғаны, Қазақстанның жаңа астанасының тұрғын үй секторының белсенді құрылыстар салуымен байланысқан. Сәулет тәжірибесіндегі ізденістер мен эксперименттер күрт асқынып және үлкейтілгені, жаңа шығармашылық идеялардың дамуын ұлғайтты. Астана сәулетінің тұрғын үй кешендерінің айырмашылық ерекшелігі – тенденциялардың алалығы мен көп бейнелігі. Көп тенденциялар өзінде жаңашылдық ерекшеліктерімен бірге, әр алуан электика көңіл күйін бейнелейді. Астана сәулетінің тұрғын үй ғимараттарының стильдік ерекшелігіне көпсанды бейнеқұру факторлары әсер етеді, олар: көркемдік идеялы, құрылымдық, функционалдық, табиғи климаттық және қазіргі кездегі маңызды өңір аспектісі.

Сан алуандық стиль ортасында, сәулеттегі бақыланған тұрғын үй ғимараттарының, жаңа астананың хай-тек стилінде салынған үйлер айқын көрінеді. Хай-тек стилі өткен ғасырдың 70-ші жылдардың ғылыми-техникалық прогресстің әсерімен пайда болған, сәулеттегі формалардың радикалды жаңаруын символдайды. Астанадағы жаңа тұрғын үй ғимараттарының осы стильді ең бір айқындап көрсеткен кешенінің бірі болған «Северное сияние», қазақстан сәулетшілерінің Якова Эзау және Акжайық Сауменов жобасы бойынша салынған (сур.1). Оның сыртқы келбетіне әсер етіп, бастапқы бейнесі болып табылған солтүстік Қазақстанда өсетін ақ қайыңдар. Олардың өте әдемі, қайран қалатын-иілген діндері. Жаңа тұрғын кешені осы табиғат құбылысын ұқсастыратын тәрізді. Ең сәтті

болғаны, оның атауы «Северное Сияние»- солтүстік Қазақстан табиғатының барлық сұлулығын ашып көрсетеді.



Сур.1. «Северное сияние» тұрғын үй кешені, Астана қ.

Кешен Астана қаласының жаңа әкімшілік-іскер орталығында, су-жасыл бульварында орналасқан. Тұрғын үй құрылуының композициясын, ортақ платформамен біріктірілген үш биікті нысаны құрайды. Үш «шыныланған» мұнараларының биіктігі 32, 37 және 42 қабатын құрайды. Жалпы сәулет кешені, минимализм ықшамды-лаконичный тілімен шешілгені, сонымен бірге қазақстан сәулетшілерінің сәулет ойы америка сәулетшісі Мис ван дер Роэ «шынылы көп қабатты үй» жағына қарай батыл бетбұрыс жасағаны куәландырады. Мис Ван дер Роэ көтергіш қаңқа немесе жақтауды, құрылымның негізі ретінде қарастырған, оған жұқа аспалы қаңқа- фахверг айналы шыны, көлемді жазықтықпен жабады. Оның шығармашылық пинципы «неғұрлым аз болса, соғырлым көп», (с.с. «соғырлым жақсы») болат пен шынының әсемдік құрымның ізденісіне әкеледі.

Бұл тақырып басқа да сулы-жасыл бульварында орналасқан тұрғын үй кешендерінің қатарын жалғастырады. Олардың ішінде , көрсеткішті мысалдары болатын тұрғын үй кешендері: «Изумрудный квартал» и «На водно-зеленом бульваре», построенные строительной компанией «Базис А»



Сур.2. «На водно-зеленом бульваре» тұрғын үй кешені, «Изумрудный квартал» Астана, қ.

Қазіргі заман технолоиясының идеясы жаңа тұрғын кешенінде «Хайвилл» (рис.3). қолданылған. Сәулеттік философияға «Хайвиллдің» ішкі құрылымының ұйымдастырылуы, «ақылды үй» маңызды түсінігі ендірілген, мысалы кешен пәтерлері «кілтке» тапсырылады сонымен бірге, хабарландыратын электронды камераларымен қорғау жүйелерімен, орнатылған тұрмыстық техникаларымен, сандық құлыптарымен, ауаны тазарту жүйелерімен, ас және жуыну бөлмесінде портативті теледидарымен жабдықталады. Ішкі бөлмелерін әрлендіруде қазіргі заман технологиялық әрлендіру әрлендіру материалдарын қолданады. Сонымен бірге, сыртқы сәулеттік-көркемдік бейне шешімі, кешеннің жаңашыл ішкі құрылымымен қарама-қайшылыққа келді. Сәулеттегі тұрғын үй ғимаратында қарама-қарсы қойылған сәулеттік стильдері шоғырланған, мысалы функционализм мен классика. Қасбетін шешуде классикалық үшжекелік тектоника кестесі (подиум – негізгі бөлім – маңызды аяқталуы). Подиумды сәулеттік өңдеу кезінде, классикалық сәулет элементтері көрінеді, олар: ордер жүйесінің бағаналары, фронтондар, декоративті горизонталды белбеулер, арка ойықтары және т.б. Жалпы, «Хайвилл» тұрғын үй кешенінің сәулеттік бейнесін шешуде, қазақстан сәулетшілері тарихи мұраға өзгерісті, қазіргі заман технологиялық материалдарын қолдана отырып, қазіргі заман интерпретациясын жасауға тырысқан.




Сур. 3. «Хайвилл» тұрғын үй кешені, Астана қ.

Сонымен бірге, Астананың тұрғын үй фондының құрылысының үлкен көлемі, сәулеттегі прогрессті бағыттағы, өткен ғасырдың 40-50 жылдарда тараған функционализм идеясын кеңінен таралуына әсер еткен. Соның бірінші мысалы ретінде, ондағы функционалды аспект, кеңінен сәулеттік жайғастыру өңдеуін алады, Есіл өзенінің жағалауында жаңа тұрғын үй кешендері пайда болады (сур. 4). Тағы айтатын жай, жаңа тұрғын үй фондының көбі, Астанада салынған, функционализм идеясына бет бұрған, ол біріншіден, экономиялы және индустриалды технологиялы екенін айқындайды.



Сур. 4. Есіл жағалауындағы тұрғын үй кешені, Астана қ.

Астана сәулетіндегі жаңа тұрғын құрылыстарының өңір факторының негізіндегі бейнеқұру мүмкіндігінің ізденісі маңызды орнын алады. Қазіргі уақытта бірқатар салынған кешендер, ұлттық стилистика мен колоритының қазірге заманға сай интерпретациясын көрсетеді. Соның ішінде Абай және Республика кешен бойындағы, Есіл өзенінің жағалауындағы «Арман» тұрғын үй кешені. Қасбет экстерьерлеріндегі декор элементтері, сипатты күмбезбен аяқталуы, сәулетшілердің осы бағыттағы ізденісін айқын көрсетеді (сур. 5).



Сур.5. «Сезам» тұрғын үй кешені, Абай даңғылы, Астана қ.

Соңғы үлкен құрылыстарының бірі болған, Астана сәулетінің тұрғын ғимараттарының көпбейнелі стиль тенденцияларын сипаттаған, қаланың сол жағалауында салынған «Астана Триумфы» болып саналады. Дәстүрлі классика бейнесіне негізделген, кешеннің сәулеттік-көркемдік образын шешуде, қасбет пластикасын байыту ынтасы, басты болып табылады. Онда ордер элементтері, пилястрлер, горизонталды декоративті белдеулер, мүсінді декор кеңінен қолданылады. Қалақұрылыс акценті ретінде, кешендердің аяқталуы түрі мұнаралардың шпиль элементтерін қолдануы болды. Жалпы ғимараттың сәулеттік образы, өткен ғасырдың 40-шы жылдың аяғы 50-ші жылдың басында салынған Москвадағы жеті биікті ғимараттарының эклектикалы сәулетін көшіреді. Қазіргі кезде «Астана Триумфы» тұрғын үй

кешені, сәулеттің назар аударарлық және Қазақстанның жаңа астанасының басты биіктік акцентінің бірі болып табылады (сур.6).

Соңғы салынған құрылыстардың ішінде, неоклассика стиліндегі, сулы-жасыл бульварында салынған «Нұрсая» тұрғын үй кешені айрықшаланады. Сонымен бірге, оған сипатты болған классика сәулетінің дәстүрлі элементтеріне бет бұрылыс жасағаны, бірақ-та жаңа оқылыстағы, қазіргі заман құрылыс материалдарын қолдануына байланысты, мысал ретінде керамогранит, қазіргі заман витражды шыны (сур.7).



Сур.6. «Триумф Астаны» тұрғын үй кешені



Сур.7 «Нурсая» тұрғын үй кешені

Сонымен, Астана сәулетінің жаңа тұрғын кешендерінің қарама қайшылық тенденцияларының арнасында құрылуы, солардың ішінде жаңашыл хай-тек, функционализм, неоклассицизм, әртүрлі тарихи стильдердің эклектикалы араласуы. Тағы ескерілетін бір жай, ұлттық стильдерінің азғана ізденіс мысалдары, тұрғын үй ғимараттарының сыртқы және ішкі келбет декорында дәстүрлі қазақ символ элементтерін айқындап қолдануы болып табылады. Қазақстан тұрғын үй кешендерінің жалпы сәулеті, қазіргі заман сұрағына жауап беруге ынталанып, көп стильді бейнесімен айқындала, көпжоспарлы дамуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дженкс Ч. Язык архитектуры постмодернизма / Пер. с англ. А.В.Рябушина, М.В.Уваровой; Под ред. А.В.Рябушина, В.Л.Хайта – М.: Стройиздат, 1985. – 136 с.
2. Иконников А. Степанов Г. Основы архитектурной композиции. – Издательство «Искусство» Москва 1971. – 221 с.